



**Коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы**

**ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ  
АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ  
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ  
БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ**

Әлеуметтік пәндер кафедрасы

**ӘЛЕУМЕТТІК САЯСИ БІЛІМДЕР МОДУЛІ:  
ӘЛЕУМЕТТАНУ, САЯСАТТАНУ**

Семестрлік жұмысқа арналған нұсқау  
(бакалавриат барлық мамандықтарға арналған)

Алматы 2021

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Әбдіқалық А.Ә., Бисенова А.З., Орынбекова Д.С.  
Әлеуметтік-саяси білімдер модулі: әлеуметтану, саясаттану. Семестрлік жұмысқа арналған нұсқау (бакалавриат барлық мамандықтарға арналған) – Алматы: АЭЖБУ, 2021. – 31 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда «Әлеуметтік-саяси білімдер модулі: әлеуметтану, саясаттану» пәніне кіріспе, семестрлік жұмыстарды жазу үшін әдістемелік нұсқау, семестрлік жұмыстың тақырыптары мен жоспары және әдебиеттер тізімі берілген.

Пікір беруші: к.ф.н., доцент М.К. Нурмаханова

«Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2021 ж. жоспары бойынша басылды.

© «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2021 ж.

## Кіріспе

Әлеуметтану мен саясаттану Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енген «Әлеуметтік-саяси білімдер модулінің» құрылымдық компоненті болып табылады. Білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруда өзіндік рөлге ие ғылым салалары және оқу пәні.

Бүгінгі біз өмір сүріп отырған уақыт қоғамдық-саяси өмірдің өзгеріп, қоғамдағы пәрменді жаңғырулар мен әлеуметтік дүниеде күрделі ауысулар болып, жаңарған кезең. Адамзат әлемі өзінің сапалы жаңа кезеңге ауысу үстінде. Ең алдымен қазіргі кезең постиндустриялық қоғамнан ақпараттық қоғамға өту тенденциясымен айқындалып отыр. Қоғамдар саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени аспектілердің барлығында өзара тәуелді болуда, осы тәуелділіктің шегі жаһандық деңгейге жетті. Әлемдегі жаһандану үрдісінің жедел даму тенденциялары қазіргі ғылыми дүниетанымды кеңейту қажеттігін туындатып отыр.

Саяси білім негіздерін меңгеру, азаматтардың саяси сауаттылық деңгейін көтеру қазіргі ақпарат ағыны жағдайында басымдық алуда. Соған сәйкес, «Әлеуметтік-саяси білімдер модулі: әлеуметтану, саясаттану» оқу пәні студенттердің қазіргі заманғы әлеуметтік, саяси, құқықтық, экономикалық және мәдени үрдістерді түсініп, олардың туындауы мен қалыптасуын және негізгі даму бағыттарын танып білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, азаматтық ұстанымдарын, саяси мәдениеті мен мінез-құлқын, саяси санасын қалыптастыруда шешуші маңызға ие. Білім алушыларға жалпы қоғамдағы әлеуметтік - саяси мәселелер бойынша нақты білім беретін, ондағы негізгі әлеуметтік және саяси институттар, ұйымдар, қозғалыстар мен үрдістер, қоғамның әлеуметтік шындық және әлеуметтік жүйе ретіндегі сипаты мен жалпы теориялық және қолданбалы әлеуметтанудың бірлігін түсінуге мүмкіндік беретін, саяси қатынастар жүйесіндегі жеке тұлғаның құқықтық жағдайы мен оның саяси өмірге қатысу жолдарын жан-жақты ашып көрсететін пән ретінде қажеттілігі артып отыр.

Әлеуметтік-саяси білімдер модулі: әлеуметтану, саясаттану пәнінің мақсаты - болашақ мамандар мен мемлекет азаматтары қоғамдық және саяси құрылыстың мәні мен табиғатын түсінуі, қалыптасқан саяси жағдайға дұрыс баға беру, құбылыстар мен проблемаларды түсініп, ой-елегінен өткізу және оларды шешу жолдарын іздестіруде өзіндік көзқарастар, сараптама жасау мен сыни ойлауды дамыту, өз құқықтарын қорғау, азаматтық позициясын қалыптастырып, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу және жоғары рухани адамгершілік пен гуманистік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Еліміздің шынайы демократиялық, әлеуметтік мемлекетті құру жолында еркін ойлайтын, шығармашылық ойлау қабілеті терең, өз еркімен шешім қабылдап, оны іске асыра алатын, саяси санасы мен мінез-құлқы қалыптасқан, саяси мәдениеті жоғары, кәсіби мамандарды дайындауда бұл пәннің ерекше рөлге ие болатындығы сөзсіз.

## 1 Семестрлік жұмысты жазуға арналған әдістемелік нұсқау

Ұсынылып отырған семестрлік жұмыстың тақырыптары ҚР білім және ғылым министрлігі бекіткен «Әлеуметтік – саяси білімдер модулі: әлеуметтану, саясаттану» оқу пәні бағдарламасына сәйкес дайындалған. Пән бойынша студент үш семестрлік жұмыс жазады және жұмыс жазбаша (электронды) түрде дайындалады.

*Семестрлік жұмыстың мақсаты*– әлеуметтану және саясаттану ғылымдарының теориясы мен әлеуметтік топтардың, жіктердің, әлеуметтік саяси институттардың, қоғамның жәй-күйі жәненақты өзекті әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша білім өрісін кеңейту және толықтыру. Өз бетінше талдау жасауға, дереккөздерімен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға, шығармашылықпен ойлауға көмектесетін, ғылыми және практикалық міндеттерді қоюға және шешуге жәрдемдесетін дағдылар мен іскерлікті меңгерту. Сонымен қатар студентті ғылыми жұмыс орындаудың алғашқы шарттарымен таныстыру болып табылады.

Семестрлік жұмыс арнайы бекітілген кестеге сәйкес орындалады. Семестрлік жұмысты орындау мерзімі: бірінші жұмыс үшін 5-апта, екінші жұмыс 9-апта, үшінші жұмыс 13-аптада өткізіледі.

*Семестрлік жұмыстың құрылымы* мынадай бөлімдерден тұрады:

- титулды бет(Б қосымшасы);
- жоспар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Студент нұсқаулықта семестрлік жұмыстың тақырыбына сәйкес ұсынылған *жоспарды* негізге алып, жұмыс жасауы тиіс. Бір тақырыпты топтың екі студентінің таңдауына жол берілмейді, әр студент жеке тақырыптар алуы тиіс (А қосымшасы). Еркін тақырыпты таңдау немесе жұмыстың жоспарын өзгерту тек оқытушының келісім беруінен кейін ғана жасалынады.

*Кіріспеді* тақырыптың өзектілігі айқындалып, мәселенің зерттелу деңгейі (отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулері) қарастырылады. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері нақты көрсетіледі.

*Негізгі бөлім* жоспарға сәйкес жазылады. Негізгі бөлімнің 2 немесе 3 тараудан тұруы мүмкін. Бөлімде тақырыпқа қатысты негізгі пікірлер мен тұжырымдар, проблемаларнақты айқындалуы тиіс. Негізгі бөлімнің мазмұны тақырыпқа және жоспарға сәйкес болуы қажет. Егер тақырыпқа байланысты шынайы өмірде орын алған, студент өзі куә болған оқиғалар болған жағдайда, оған мысал келтіріп, нақты деректермен дәлелдей алатын болса, жұмыстың құндылығы арта түсетін болады.

*Қорытындыда* жұмыстың нәтижелері беріледі. Автор таңдаған проблеманың мәні мен мазмұнын және шешу жолдарын нақты ашып көрсетуі

тиіс. Кіріспеде көрсетілген жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің орындалу деңгейі көрсетіліп, әр бөлім бойынша қысқаша тұжырымдар жасалады, студенттің практикалық ұсыныстары мен ой қорытындылары, көзқарастары беріледі.

*Пайдаланылған дереккөздер тізімі* оқулық, оқу құралдарымен шектелмеуі тиіс. Семестрлік жұмысты жазу барысында студенттің тақырыпқа қатысты жарық көрген ғылыми-зерттеу еңбектерін кеңінен пайдалануға басымдық бергені жөн. Олардың қатарында монография, ғылыми мақалалар, жинақтар, нормативті құжаттар, мамандандырылған «Социологические исследования» журналының мақалалары мен статистикалық мәліметтері болуы тиіс. Дереккөздерге сілтемелер жасау барысында назар аударыңыз: Жамбылов Д.А. Саясаттану: Оқулық. - 4 басыл., өзгеріс. - Алматы: Жеті жарғы, 2008. – Б. 24-25; Егер журналдағы ғылыми мақала болса: Ақжанов Б. Қоғамдық сананың жаңғыруы: қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту //Ақиқат. - № 11, Қараша 2017. С. 30-32.; Электронды деректі пайдаланғанда мәтіннің авторын, тақырыбын, жарияланған күнін және электронды мекен жайын жазу қажет. Мысалы: Ахметов. К. Саяси сайлаулар туралы. Эссе. 15.08.2018 //http: www. referat. ru/pub/item/23775.

*Семестрлік жұмысты рәсімдеу тәртібі.* Семестрлік жұмыстың жалпы көлемі 15-20 бет. Мәтіндік редактор Microsoft Office PowerPoint (презентация), шрифт TimesNewRoman. Стандартқа сәйкес орындалуы қажет.

Семестрлік жұмыс келесі негізгі сапалы критерилер бойынша бағаланады:

1) Тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің нақты айқын көрсетілуі.

2) Материалды беруде өз бетінше жұмыс жасауы, бір ізділікті және логикалық жүйені сақтауы.

3) Талдаудың тереңдігі мен негізділігі және алынған нәтижелерге дәл нақты түсініктеме беру.

4) Тақырып бойынша пайдаланылған әдебиеттердің саны мен жеткіліктігі.

5) Семестрлік жұмыстың безендірілуінің талаптарға сәйкес болуы.

Студент семестрлік жұмысты міндетті түрде оқытушының корпоративтік электронды поштасына жіберуі тиіс.

## **2 №1 семестрлік жұмысқа арналған тақырыптар**

### **Әлеуметтанудың тарихи тамырлары:**

1. Әлеуметтанудың пайда болуыныңғылыми, теориялық-идеялық, әлеуметтік-экономикалық алғышарттары.
2. Әлеуметтанудың екі жақты мәртебесі.
3. Әлеуметтанудың даму кезеңдері, бағыттары және міндеттері.

### **Әлеуметтану ғылым ретінде:**

1. Әлеуметтану объектісі мен пәні.
2. Әлеуметтанулық білім ерекшеліктері мен әлеуметтану әдістері.
3. Әлеуметтанудың гуманитарлық білімдер жүйесіндегі орны.

### **Әлеуметтанудың дамуындағы классикалық кезең (XIX- XX ғғ.):**

1. О. Конттың позитивтік әлеуметтану негізін қалаушы.
2. Г. Спенсердың эволюция әлеуметтануы.
3. Э. Дюркгеймнің социологизмі.

### **Шетел социологиясындағы парадигмалар:**

1. Феноменологиялық әлеуметтану және этнометодология.
2. Символдық өзара әрекеттесу.
3. Жанжал мен алмасу теориялары.

### **Қазіргі заманғы әлемдік жүйе:**

1. Әлемдік жүйенің қалыптасуы мен дамуы.
2. И. Валлерстайнның әлемдік жүйе тұжырымдамасы.
3. Жаһандану үдерісінің әлеуметтік салдары.

### **Қазіргі қоғамның әлеуметтік институттары:**

1. Әлеуметтік институттар адамдар тыныс тіршілігін ұйымдастырудың тарихи формасы ретінде.
2. Қоғам мен қоғамдық өмірдің институционалды тәртібі.

### **Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде:**

1. Қоғамның анықтамасы, оның жүйелік ұғымдары, қағидаттары.
2. Қоғамды жүйе ретінде қарастырған тұжырымдамалар.
3. Қоғамның типтері, белгілері және даму заңдары.

### **Қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымы:**

1. Қазіргі постиндустриалды қоғам объективтік шындық ретінде.
2. Әлеуметтік-таптық құрылым және қазіргі қоғамдағы саяси трансформация.
3. Технологиялық қоғамдық бизнестегі өзгерістердің салдарлары.

**Әлеуметтік теңсіздік қоғамның стратификация құрылысының негізі ретінде:**

1. Теңсіздік ұғымының мәні және теңсіздіктің шығуының себептері.
2. Ж.Ж. Руссо қоғамдағы физикалық, моральдық теңсіздіктің түрлері туралы.
3. Стратификацияның тарихи типтері.

**Қазіргі заманауи стратификация модельдері:**

1. Негізгі стратификациялық теориялар: таптық теория, функционалдық теория.
2. П. Сорокинның, М. Вебердің стратификациялық теориясы, неомарксизм.
3. Қазақстанда орта таптың қалыптасу үдерісі.

**Әлеуметтік мобильдік әлеуметтік стратификацияның құрамдас бөлігі:**

1. Әлеуметтік мобильдіктің сипаты.
2. Мобильдіктің түрлері мен арналары.
3. Әлеуметтік мобильдіктің индивидтің дамуына әсері.

**Қазіргі заманауи әлеуметтану теориялары:**

1. Э. Гидденстің структурация теориясы.
2. Т. Бурдьенің әлеуметтік кеңістік теориясы.
3. Н. Луманның әлеуметтік жүйелер теориясы.

**Әлеуметтанулық зерттеулер:**

1. Әлеуметтанулық зерттеулердің түрлері.
2. Әлеуметтанулық зерттеудің негізгі кезеңдері.
3. Гипотезалар. Айнымалылар. Үлгі.

**Әлеуметтанулық ақпаратты жинаудың әдіснамалық әдістері:**

1. Материал жинау әдістерінің жалпы сипаттамасы және жіктелуі.
2. Бақылау және оның түрлері, құжаттарды талдау, эксперимент.
3. Шағын топтарға құрылымдық талдау әдісі.

**Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасын құру:**

1. Бағдарламаның зерттеудегі рөлі.
2. Бағдарламаның негізгі компоненттері.
3. Үлгі: түрлері, рөлі.

**Сауалнама әдісі:**

1. Әлеуметтік зерттеулердегі сауалнама.
2. Сауалнама: құрылымы, сұрақ қою ережелері, сауалнама жүргізу ережелері.

3. Ауызша сауалнама: сұхбат түрлері .

### **XX ғасыр басындағы Қазақстандағы әлеуметтік ой:**

1. Қоғамдық және саяси қайраткерлердің, жазушылар мен ақындардың әлеуметтанулық көзқарастары: М. Жұмабаев, М. Дулатов, С. Мұқанов, С. Торайғыров, Ш. Құдайбердіұлы.

2. Бөкейханов А., Байтұрсынов А. ұлттық жаңғыру және мемлекеттілік туралы.

### **Қазақстандағы әлеуметтану:**

1. Қазақстандағы әлеуметтік зерттеулердің өзекті мәселелері.

2. Қазіргі кезең: қиындықтар, жетістіктер, проблемалар.

### **Тұлға әлеуметтануы:**

1. Тұлға және оны түсіндірудің тұжырымдамалары.

2. Тұлғаның әлеуметтанудағы құрылымы және типологиясы.

3. Тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі формалары мен кезеңдері.

### **Тұлға әлеуметтенуінің механизмі:**

1. Әлеуметтену ұғымы, ол туралы тұжырымдамалар.

2. Тұлға әлеуметтенуінің агенттері.

3. Бірегейлік және тұлға. Рөлдер және мәртебелер.

### **Тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастырудағы дәстүрлермен салттар:**

1. Қазіргі жағдайдағы жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің проблемалары.

2. Жастар тәрбиесіндегі халықтық дәстүрлер: тарих және қазіргі заман.

### **Отбасы - маңызды әлеуметтік институт:**

1. Отбасының негізгі белгілері және зерттеулердің негізгі бағыттары.

2. Отбасылық қарым-қатынас сипатының өзгеруі.

3. Тұлға әлеуметтенуінде отбасының рөлі.

### **Отбасы әлеуметтік құбылыс ретінде:**

1. Неке - отбасы қатынастарының тарихи типтері мен формаларын, олардың даму тенденциялары мен перспективаларын зерттеу.

2. Отбасындағы қарым-қатынастар (ажырау санының артуы, дүниеге бірғана нәресте әкелуге бағыт ұстау, жалғыз бастылардың санының өсуі және т.б.).

3. Некеге отырудың уәждері мен ажырасудың себептерін зерттеу.

### **Девиация әлеуметтік құбылыс ретінде:**

1. Девианттық мінез - құлықтың формалары.



2. Аномия мен қоғам.
3. Делинквенттілік және қылмыс.

**Девиация және әлеуметтік бақылау:**

1. Девиацияға қатысты негізгі тәсілдемелер.
2. Заманауи қоғамдағы девиантты мінез-құлықтың ерекшеліктері.
3. Қазіргі девиацияның шешу тәсілдері. Бақылау теориялары.

**Дін әлеуметтік құбылыс ретінде:**

1. Діннің әлеуметтік институт ретіндегі қызметтері.
2. Дінге теориялық көзқарастар.
3. Қазіргі кезеңдегі діни ахуал.

**Мәдениет қоғамдық өмір саласы:**

1. Әлеуметтанудағы мәдениет ұғымы және мәдениеттің құрылымымен мазмұны.
2. Мәдениеттің негізгі элементтері, формалары және функциялары.
3. Мәдени құндылықтар коммуникациясындағы тілдің рөлі.

**Мәдениеттің әлеуметтанулық бағыттары:**

1. Этномәдениеттің мазмұны және мәні.
2. Бұқаралық және элитарлық мәдениет.
3. Субмәдениет және контрмәдениет.

**Жаһандану және оның қазіргі қоғам дамуындағы сипаты:**

1. Жаһандану ұғымы, процесс факторлары: теориялық түсіндірме.
2. Жаһандық коммуникативтік үдерістің даму перспективасындағы қоғам мен тұлға.
3. Жаһандану үдерісінің әлеуметтік салдарлары.

**Этноәлеуметтану:**

1. Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар.
2. Этникалық жүйелер.
3. Ұлыс, этнос, ұлт.

### **3 №2 семестрлік жұмысқа арналған тақырыптар**

#### **Этникалық сәйкестілік:**

1. Ұғымдар: этникалық және ұлттық ерекшелік.
2. Ұлт-мемлекет.
3. Этникалық топтар және олардың тіршілік сипаты.

#### **Ақпараттық қоғамдағы білім:**

1. Білім беру әлеуметтік құндылық ретінде.
2. Дәстүрлі қоғамдағы білім беру парадигмалары.
3. Қоғамның әлеуметтік институты ретіндегі білім берудің принциптері мен функциялары.

#### **Білім және білім алу мүмкіндіктері:**

1. Білім жеке тұлғаны әлеуметтендіру факторы ретінде
2. Білім берудің әлеуметтанулық келешегі.
3. Қазақстан Республикасындағы білім беру модельдері.

#### **Ғылым дамуының маңызы мен ерекшеліктері:**

1. Ғылымының әлеуметтік институт ретінде қалыптасу тарихы мен ғылыми-техникалық революция кезеңіндегі даму сипаты.
2. Ғылымның өндіріс пен қоғамға ықпалы және оның мәдени дүниетанымдылық функциялары.
3. Ғылымдардың әлеуметтік жауапкершілігі.

#### **Қоғамдық пікірдің табиғаты:**

1. Қоғамдық пікір - бұқаралық сананың жай-күйі.
2. Заң шығарушы билік үшін қоғамдық пікірдің маңызы мен қоғамдық пікірді қалыптастыру.
3. Қоғамдық пікір мен жалпы ерік арасындағы айырмашылық.

#### **Бұқаралық коммуникация әлеуметтануы:**

1. Әлеуметтік жүйелердегі бұқаралық ақпарат және бұқаралық коммуникация.
2. Бұқаралық ақпарат құралдарының функциялары.
3. Жаппай сана және цифрландыру.

#### **Бұқаралық коммуникация және әлеуметтік өзара әрекет:**

1. Заманауи технологиялар.
2. Технологиялық теңсіздік.
3. Бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері. Медиа жаһандану.

**Бұқаралық ақпарат құралдарының мінез-құлық пен өмір салтына әсері:**

1. Әлеуметтік бақылау және қадағалау.
2. Кибер терроризм. Жеке деректерді қорғау.
3. Бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа стандарттарды, стереотиптерді, уәждемелерді жасауға әсер етуі.

**Қазіргі қоғамдағы еңбек:**

1. Тарихи тұрғыдан экономикалық даму.
2. Еңбек нарығы және жұмыспен қамту құрылымы.
3. Әлемдік қоғамдағы жұмыс күшінің рөлін өзгерту.

**Жұмыссыздық және оның әлеуметтік салдары:**

1. Жұмыссыздық әлеуметтік құбылыс ретінде.
2. Жұмыссыздық жағдайындағы әлеуметтік бейімделу.
3. Жұмыссыздықтың әлеуметтік салдары(мысал келтіру).

**Қазіргі әлемдегі жаһандану:**

1. Халықаралық экономикалық интеграцияның мәні, мақсаттары мен маңызы.
2. Әлемдік және ұлттық экономика үшін жаһанданудың салдары.
3. Жаһандану жағдайында Қазақстанның даму болашағы.

**Дене денсаулығының әлеуметтік эпидемиологиясы:**

1. Денсаулық және қоғам (тарихи тұрғыда).
2. Әлеуметтік маңызы бар сырқат түрлері және қоғамнан оқшаулану.
3. Денсаулық сақтаудың экономикалық және әлеуметтік аспектілері.

**Денсаулық сақтау және медицина:**

1. Денсаулық сақтау жүйесінің қол жетімділігі.
2. Ғылыми медицинаның жетістіктері.
3. ҚР -дағы ғылыми медицинаның даму барысы.

**Әлеуметтік қозғалыстардың қайнар көздері мен түрлері:**

1. Қазіргі популяциялық зерттеулер.
2. Урбанизация және көші-қон мәселелері.
3. Әлеуметтік қозғалыстарға әсер ететін микро және макро факторлар.

**Әлеуметтік өзгеріс:**

1. Әлеуметтік өзгеріс және олардың негізгі компоненттері.
2. Гомогенизация және біріктіру.
3. Әлемдегі қоғамдық қозғалыс және олардың қоғамға әсері (мысал келтіру).

### **Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде:**

1. Саясаттану: ұғымы, мәні, әдістері және функциялары.
2. Саяси білімнің дамуының негізгі кезеңдері.
3. Саясаттану ғылымы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде.

### **Ежелгі Шығыстың саяси ой ілімдері:**

1. Саяси ілімнің пайда болуы.
2. Ежелгі үндістандағы буддизм.
3. Ежелгі Қытайдағы конфуцийшілдық, даосизм, заңшылдар мектебі.

### **Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі саяси ілімдердің дамуы:**

1. Ежелгі Грекиядағы саяси ғылымның негізгі мектептері мен жетістіктері.
2. Ежелгі Грекиядағы саяси ойдың негізгі өкілдері.
3. Ежелгі Римдегі саяси ой-сана: ерекшеліктері, негізгі өкілдері.

### **Мұсылмандық Шығыстағы саяси ойлар:**

1. Құран және оның орта ғасырлық Шығыстағы саяси-құқықтық ой санаға әсері.
2. Саяси ойдың негізгі өкілдері :Әл-Фараби,ИбнХалдун, Г.Низами, Ә. Науаи.
3. Ортағасырлық түркі ойшылдарының мемлекет және қоғам туралы ой-пікірлері: Ж. Баласағұн, М. Қашғари, Қ. Яссауи.

### **Орта ғасырдағы Еуропадағы саяси ілімдердің дамуы:**

1. Саяси ойдың дамуына шіркеудің ықпалы (М. Аврелий, Ф. Аквинский, М. Падуанскийдің).
2. Қайта өркендеу дәуіріндегі саяси ойлар (Н. Макиавелли, Томас Мор, Жан Боден).
3. Еуропалық ағартушылық дәуірдегі саяси идеялар (Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо).

### **XX ғасырдағы Батыстық саяси ой-пікірлер:**

1. Батыстық саяси ой-пікірлердің даму ерекшеліктері (Д. Истон, Т. Парсонс, М. Дюверже.).
2. Г. Моска және В. Парето саяси элиталар теориясының негізін қалаушылар.
3. М. Вебер еңбектеріндегі саяси ғылымның әдістемелік негіздерінің сипаты.

### **Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары:**

1. А. Құнанбаев және оның Қазақстандағы саяси ой санаға қосқан үлесі.
2. Ш. Уәлихановтың саяси құқықтық көзқарастары.

3. Ы. Алтынсариннің әлеуметтік саяси көзқарастары және қоғамдық қызметі.

**Алаш қозғалысы өкілдерінің саяси көзқарастары: негізгі идеялар және тұжырымдар:**

1. XX ғ.басындағы қазақ саяси ойындағы ұлттық автономия құру туралы идеясы (Ә. Бөкейханов, Т. Рысқұлов).

2. Алаш қозғалысының жетекші өкілдері және олардың саяси ұстанымдары.

3. Алаш партиясының пайда болуы, бағдарламасы және өмір сүру кезеңдері.

**Саясат- қоғамдық құбылыс ретінде:**

1. Саясат: ұғымы, мәні, негізгі функциялары.

2. Саясат субъектілерінің сипаты.

3. Саясаттың қоғам өміріндегі рөлі.

**Қазақстан Республикасының саяси билік жүйесі:**

1. Саяси билік: мәні, әдістері және функциялары.

2. Қазақстан Республикасындағы билік тармақтары: заң шығарушы, атқарушы және сот.

**Тоталитарлық саяси режимдер:**

1. Тоталитаризмнің мәні мен негізгі белгілері.

2. Тоталитарлық қоғам тұжырымдамалары (Х. Арендт, Ф. Хайек, К. Фридрих).

3. Тоталитарлы саяси режимдердің әр түрлілігі.

**Авторитаризм саяси режимнің формасы ретінде:**

1. Авторитаризм: ұғымы, мәні және негізгі белгілері.

2. Авторитаризмнің басқа саяси режимдерден ерекшеліктері.

3. Авторитарлы режимдердің әртүрлілігі.

**Демократиялық саяси режимдер: теория және саяси тәжірибе:**

1. Демократия ұғымы, негізгі белгілері және принциптері.

2. Демократия теориялары.

3. Демократиялық саяси режимдердің түрлері.

**Саяси көшбасшылық саяси феномен ретінде:**

1. Көшбасшылық теориялары (тұлғалық, қылықтық, жағдайлық, т.б.).

2. Саяси көшбасшылық: қызметі және жіктелуі.

3. Қазақстан Республикасының саяси көшбасшылары: өкілдері, қызметі, ерекшеліктері.

**XX ғасырдың топ-10 беделді саяси көшбасшылары (студенттің таңдауы бойынша):**

1. Саяси көшбасшының саясатқа келу жолы.
2. Мемлекеттегі қызмет барысы.
3. Қызметінің тарихи мазмұнын бағалау.

#### **4 №3 семестрлік жұмысқа арналған тақырыптар**

**Саяси элита және оның қоғамдағы рөлі:**

1. Саяси элита: ұғымы, қалыптасуы, жіктелуі және қызметі
2. Саяси элита теориялары.
3. Қазақстан Республикасының қазіргі саяси процесіндегі саяси элитаның ерекшеліктері.

**Мемлекет негізгі саяси институт:**

1. Мемлекет: этимологиясы, белгілері, функциялары.
2. Мемлекеттің түрлері және басқару формалары.
3. Құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің негізі және белгі-нышандары.

**Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның даму барысы:**

1. Азаматтық қоғамның мәні, құрылымы, қызметі.
2. Мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасындағы мәселелер.
3. Қазақстан Республикасындағы Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамалары.

**Қазақстан Республикасының саяси жүйесі және даму ерекшеліктері:**

1. Кеңестік жүйенің ыдырау себептері және Қазақстанның егемендігі туралы декларациясы.
2. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалыптасуы мен дамуы.
3. ҚР-дағы саяси жүйе құрылымы мен ерекшеліктері.

**Қазақстандағы президент институтының қалыптасуы мен дамуы:**

1. Билікті нығайту мақсатында Президент мансабын (1990ж) енгізу мен бекітудің қажеттілігі мен маңызы.
2. ҚР Президенті қызметін дамытудың заңды-құқықтық негіздері.
3. Қазақстандағы президенттік институттың даму кезеңдері.

**Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі және даму ерекшеліктері:**

1. Сайлау жүйесінің түсінігі және түрлері.
2. Сайлау туралы заң және ҚР-дағы сайлау жүйесінің негізгі принциптері мен ерекшеліктері.
3. ҚР-дағы сайлау процесін ұйымдастыру барысы және сипаты.

### **ҚР мемлекеттік жастар саясаты және оның даму мүмкіндіктері:**

1. Жастар қоғам дамуының негізгі нысаны ретінде.
2. ҚР мемлекеттік жастар саясатының мақсаты мен негізгі бағыттары.
3. Жастар саясатын дамытуға бағытталған іс-шаралардың орындалу барысы.

### **Саяси партиялар азаматтық қоғам институты ретінде:**

1. Партия: ұғымы, шығу тегі, белгілері, функциялары.
2. Саяси партиялардың жіктелуі.
3. Партиялық жүйе ұғымы және түрлері.

### **ҚР партиялық жүйенің даму ерекшеліктері:**

1. ҚР-дағы көппартиялықтың қалыптасуының негізгі кезеңдері.
2. Саяси партиялар қызметінің құқықтық негіздері (ҚР Саяси партиялар туралы заңы).
3. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы саяси партиялар және олардың қызметі.

### **Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар:**

1. Қоғамдық-саяси қозғалыстардың рөлі, мақсаттары және міндеттері.
2. Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің негізгі құқықтары мен қызмет ету принциптері.
3. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар және шетелдік тәжірибе.

### **Қазақстандағы электронды үкіметтің қалыптасу ерекшеліктері және әлемдік тәжірибе:**

1. Электронды үкіметті қалыптастырушы фактор ретінде ақпараттық қоғамның орнауы.
2. Дамыған елдердің электронды үкіметті құрудағы стратегиясының Қазақстан үшін маңызы.
3. ҚР электронды үкіметтің қалыптасуы мен даму процестері.

### **Этносаралық келісімге келудің қазақстандық үлгісі:**

1. Ұлтаралық татулықты қамтамасыз етудегі ұлттар ассамблеясының рөлі туралы ҚР Президентінің жолдауы.
2. Қазақстан Халқы Ассамблеясы: қызметі, құрылымы, негізгі міндеттері.
3. Ұлттық мәдени орталықтардың Қазақстандағы ұлттар мәдениетінің қайта өрлеуі мен дамуындағы маңызы.

### **Саяси мәдениет:**

1. Саяси мәдениет ұғымы, тарихы және функциялары.
2. Саяси мәдениет: жіктелуі және құрылымы.

3. Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет пен саяси мінез-құлық көрінісі.

**Саяси қатысу:**

1. Жеке адамның саяси субъектілігіне сипаттама.
2. Саяси қатысу тұжырымдары (Дж. Нагель, С. Верба, Е. Вятр, А. Марш және т.б.).
3. Саяси қатысу түрлері мен алғы шарттары.

**Саяси идеологиялар:**

1. Саяси идеология: мәні, құрылымы, функциялары.
2. Социал-демократия және оның XX ғасырдағы эволюциясы.
3. Жаңашыл саяси теориялар мен идеологиялар (либерализм, неолиберализм, консерватизм, неоконсерватизм).

**Марксизм-ленинизм саяси ілім ретінде:**

1. Марксизм-ленинизм теориясының өкілдері.
2. Марксизм-ленинизм теориясының мазмұны және ерекшеліктері.
3. Марксизм-ленинизмнің саяси тәжірибесі.

**Саяси экстремизм және терроризм - әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде:**

1. Саяси экстремизм мен терроризмнің пайда болуының тарихи алғышарттары.
2. Терроризм мен саяси экстремизм теориясының мәні мен ерекшеліктері.
3. Саяси экстремизм мен терроризм теориясының саяси тәжірибесі.

**Саяси модернизация (жаңару):**

1. Саяси модернизация теориялары (М. Вебер, Ф. Теннис және Э. Дюркгейм, Г. Алмонд және Д. Пауэлл, Д. Аптер, т.б.).
2. Саяси модернизация теориясындағы бағыттар және модернизация түрлері.
3. Саяси модернизацияның әлемдік және отандық тәжірибесі.

**ҚР Конституциясы мемлекеттің негізгі заңы:**

1. Конституция түсінігі, жіктелуі, функциялары.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995). Конституциялық реформалар.
3. Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары, бостандықтары және міндеттері.

**Саяси шиеленіс:**

1. Саяси шиеленіс түсінігі, туындау себептері және түрлері.



2. Саяси шиеленіс теориялары (К. Маркс, Р. Дарендорф, Л. Козер, К. Боулдинг).

3. Саяси шиеленісті шешу жолдары.

**Саяси дағдарыс:**

1. Саяси дағдарыс ұғымы, мәні мен пайда болу себептері.

2. Дағдарыстың түрлері және шешу жолдары.

**Қазақстан Халықаралық қатынастар жүйесінде:**

1. Қазақстандағы геосаяси жағдай ерекшеліктері.

2. Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметінің негізгі қағидалары, құндылықтары мен басымдықтары.

3. Қазақстан Республикасының стратегиялық әріптестері.

**Халықаралық ұйымдардың әлемдік саясаттағы рөлі:**

1. Халықаралық ұйымдардың пайда болу себептері мен даму тарихы.

2. Халықаралық ұйымдардың типологиясы мен қазіргі кезеңдегі даму тенденциялары.

3. БҰҰ жалпы мақсаттық әмбебап ұйым ретінде.

**ҚР мемлекеттік рәміздері қазақстандық патриотизмді нығайтудың факторы ретінде:**

1. Патриотизм ұғымы, мәні, ерекшеліктері және қазақстандық патриотизм идеясын дамытудың негізгі бағыттары.

2. Мемлекеттік рәміздер мәні мен маңызы.

**Қазіргі ғаламдық өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары:**

1. Ғаламдық мәселелер: түсінігі, ерекшеліктері мен пайда болу себептері.

2. Жалпы адамзаттық ғаламдық мәселелердің түрлері.

3. Ғаламдық мәселелерді шешудің негізгі бағыттары.

**Жемқорлық тарихы және бүгінгі жағдай:**

1. Жемқорлықтың түп-тамыры мен пайда болу сипаты.

2. Жемқорлықтың елдің әлеуметтік, саяси және экономикалық дамуына тигізетін әсері.

3. ҚР жемқорлықпен күрес жүйесі және әлемдік тәжірибедегі жемқорлықпен күрес тәсілдері.

**XXI ғасырдағы Қазақстан («Қазақстан - 2050» стратегиясы туралы):**

1. «Қазақстан - 2050» стратегияның мақсаты мен міндеттері.

2. Стратегияның негізгі басымдықтары мен маңызы.

3. Жаһандық сын-қатерлердің сипаты.

**Рухани жаңғыру – ұлт болашағының кепілі ретінде:**

1. Бағдарламалық құжаттың тарихи қажеттілігі мен мақсаты.
2. Негізгі бағыттары мен міндеттері.
3. Бағдарламаның жүзеге асырылу және орындалу барысы.

**Ұлы даланың жеті қыры: тарих және болашақ:**

1. Рухани жаңғыру бағдарламасының жалғасы ретіндегі маңызы мен мақсаты.
2. Тарихи сананы жаңғыртудағы негізгі бағыттар мен міндеттер.
3. Бағдарламаның жүзеге асырылу барысы.

**Болашақ мамандардың интеллектуалды әлеуетін дамыту – ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің негізі:**

